

Ushqyr oila! Bikkе samǵa! Álemdi sharla!



Farabi

№07
ШИЛДЕ
2025

shákirti

@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

МЕКТЕП МУҒАЛИМДЕРИНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,
АРДАҒЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

«Ауылдан адам көшкенмен
Адамнан ауыл көштейді»

Аян Сейітов



Түркістан облысы, Төле би ауданы,
Ленгiр қаласы

Қасым-Жомарт Кемелұлы,
Қазақстан Республикасының
Президенті



«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫ – ШЫН МӘНІНДЕ КЕМЕЛ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ТІРЕГІ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІ

«Заң мен тәртіп» – мемлекеттік құрылыстың басты қағидаты. Бұл ретте жазалау шараларын қолдану арқылы қоғамға жаппай бақылау орнату туралы айтып отырған жоқпыз. «Заң мен тәртіп» қағидаты – шын мәнінде кемел демократияның тірегі, құқықтық мемлекеттің негізі.

«Заң мен тәртіпке» бағынбасақ, құқық нормаларына құрметпен қарамасақ, Әділетті Қазақстанды құрып,

оны өркендеген мемлекет ете алмаймыз. Сондықтан біздің міндетіміз – бұл қағидатты еліміздің құндылықтар жүйесіне барынша кіріктіріп, халық болмысының, қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру».

(Мемлекет басшысының
«Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан):
<https://egemen.kz/>

Farabi shakirti

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

№7 (71) шілде 2025

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап,
айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: +7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында
қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

Даналар айтқан дана сөз

Жүсіп Баласағұн

✍ Кімде-кім халқынан алмаса тәлім,
Оны үйрете алмас ешбір мұғалім.

Қорқыт ата

✍ Қыз ақылды ескермес-ана
үлгісін көрмесе,
Ұл жарлықап ас бермес-әке үлгісін көрмесе.

Сократ

✍ Ақшасы жоқ адам кедей емес, арманы
жоқ адам кедей.

Махмұд Қашқари

✍ Игі істің басы – тіл, тәрбие басы – тіл.

Әлішер Науаи

✍ Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын
қазына.

Әйтеке би

✍ Қара қылды қақ жарған - жақсылардың
белгісі.

Мұхтар Әуезов

✍ Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен.

✍ Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар:
ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек,
одан соң – тәртіп керек.

✍ Азамат сыны – ерлік, ерлік сыны –
елдік.

Жүсіпбек Аймауытов

✍ Бала әдетті жасынан тамызықтап
жинайды.

Ілияс Жансүгіров

✍ Жас мұраты, білім, тәлім – талабы...
Өнер, оқу – жастықтың қару жарағы.

Расул Ғамзатов

✍ Өзінді-өзің тану үшін кітап керек.
Өзгені де тану үшін кітап керек.

Ілияс Есенберлин

✍ Ауыздан шыққан суық сөз жүрекке
жеткенше мұзға айналады.

Ғабиден Мұстафин

✍ Қазақ дәстүрі тек ата-ананы ғана емес,
жалпы адамды сыйлауға баулиды.

Шерхан Мұртаза

✍ Рухы мен намысы сөнген ел - өлген ел.

Дереккөзі: <https://www.zharar.ru>



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАСЫ – «DEVLET NIŞANI» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



2025 жылғы 29 шілде
Түркия, Анкара қаласы

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Devlet Nişanı» орденін алу зор мәртебе екенін атап өтіп, Президент Режеп Тайип Ердоғанға және барша түрік халқына шынайы алғысын жеткізді.

– Мен отандық немесе шетелдік орден және басқа да марапаттарды қабылдаудан бас тарттым. Алайда бүгінгі Сіздің шешіміңіздің маңызы ерекше деуге болады. Бұл – қазақ-түрік ынтымақтастығы жылнамасындағы мағынасы терең тарихи оқиға. Сіз осы шешіміңізбен бабаларымыздың аманатына берік екеніңізді тағы бір мәрте көрсеттіңіз. Бізге асыл мирас болып қалған баға жетпес мұрамыз – достық пен бауырластық байланыстарды бекемдей түстіңіз. Бұл жоғары марапатты түрік елінің барша қазақ халқына көрсеткен ерекше құрметі деп санаймын. Осы игі бастама – тамыры бір, діні мен ділі ортақ халықтарымыз арасындағы мызғымас достықтың айқын белгісі, қастерлі құндылықтарымызды дәріптейтін маңызды



қадам. Сондай-ақ бұл – қазақ-түрік стратегиялық ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға деген өзара ұмтылыстың айғағы, – деді Мемлекет басшысы.

Президент әріптесі Режеп Тайип Ердоғанды әлемдік деңгейдегі көреген, ықпалды, аса көрнекті саясаткер, өңірлік және жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға өлшеусіз үлес қосып отырған тарихи тұлға деп атады.

– Парасатты саясатыңыз бен ел мүддесін ілгерілету жолындағы табанды әрі қажырлы еңбегіңіздің арқасында осындай абырой биігіне шықтыңыз. Түркияның бүкіл дүниежүзіндегі беделі ешкімнің күмәнін тудырмайды. Сіздің басшылығыңызбен Түркияның қол жеткізген табыстары әлемнің әрбір түкпірінде мойындалатын болды. Түркияның әлем мойындаған жетістіктері, қарқынды дамуы, халықаралық қауымдастықтағы биік беделі мен зор ықпалы Сіздің атыңызбен тікелей байланысты. Бүгінде еліңіз экономикалық дамуы бойынша әлемнің жетекші 20 мемлекетінің қатарында. Сарапшылардың болжамы бойынша Түркияның болашағы – жарқын, ал дүниежүзіндегі ықпалы арта бермек.

Сіздің көшбасшылығыңызбен тұғыры биік Түркия өзінің жаңа алтын дәуірінде биік белестерді бағындыра беретініне кәміл сенемін. Біз Түркияның Қазақстанның Тәуелсіздігін таныған алғашқы мемлекет болғанын еш уақытта ұмытпаймыз. Бұл егемен Қазақ елінің жылнамасында сақталатын өшпес тарихи дерек, – деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанның қазақ-түрік қарым-қатынастарын нығайтуға қосқан сүбелі үлесіне жоғары баға берді.

– Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық қарқынды түрде дамуда. Сауда-экономикалық саладағы жетістіктеріміз мол. Қазір Қазақстанда 4 мыңға жуық түрік компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Мәдени-гуманитарлық байланыстарымыз жылдан-жылға нығая түсуде. Қазіргі таңда 12 мыңнан астам қазақстандық студент Түркияда білім алуда. Былтыр еліңізге 800 мыңға жуық Қазақстан азаматы сапарлап келді, ал биыл бұл көрсеткіш 1 миллионнан асуы мүмкін. Халықаралық сахнадағы ықпалдастығымыз – белсенді. Біздің елдеріміздің жаһандық тұрақты даму және қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ұстанымдары – ортақ. Әсіресе, Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы тиімді іс-қимылдарымызды атап өткім келеді. Сонымен бірге екіжақты ынтымақтастықты еселеп, оны жаңа сапалы деңгейге көтеруге толық мүмкіндік бар. Бүгінгі келіссөз қорытындылары – соның айқын дәлелі, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі таңда Қазақстан өзінің мойындалған мәртебесін нығайту үшін теңгерімді саясат жүргізіп, ауқымды әлеуметтік-экономикалық мақсат-міндеттерді жүзеге асырып жатқанын мәлімдеді.





– Оның нәтижесі де жақсы деуге болады, экономикалық өсім – тұрақты. 2024 жылдың қорытындысы бойынша жалпы ішкі өнім 5,1 пайызға өссе, биылғы жартыжылдықта экономикамыз 6,2 пайызға ұлғайды. Биыл жалпы ішкі өнімді 300 миллиард долларға жеткізуді көздеп отырмыз. Бұл – Орта Азиядағы ең үлкен көрсеткіш. Алға қойған мақсат-міндеттерге жету үшін Қазақстан келесі 4 бағытқа басымдық беруде. Олар: цифрландыру және жасанды интеллектіні дамыту; көлік және транзиттік әлеуетті нығайту; ауыл шаруашылығы саласын жаңғырту; энергетика және өнеркәсіп саласында ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске қосу. Осы міндеттерді табысты жүзеге асыру ісінде Түркиямен ықпалдастыққа ерекше мән береміз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Қазақстандағы ішкі ахуал тұрақты. Елімізде заң мен тәртіп тұжырымдамасына негізделген саясат белсенді түрде жүргізіліп жатыр.

– Саяси реформаларды табысты жүзеге асырудамыз. Біздің мемлекетіміз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасын ұстанады. Қазір елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы қарқынды іске асырылып жатыр. Бұл науқанның мән-маңызы терең. Тазалық дегеніміз, бұл – әрбір азаматтың болмысын өзгерту, санасын жаңғырту деген сөз. Еліміз – жасыл, халқымыз – адал, ниеті – таза болуы керек деп халқымызға түсіндіріп айтып жатырмыз. Ішкі саясатымыздың түпкі мақсаты – Әділетті Қазақстанды құру, «Халық үніне құлақ асатын» мемлекетті қалыптастыру. Қазақстанның сыртқы саясаты – сарабал, көпбағытты және теңгерімді. Көрші елдермен қарым-қатынастарымызды

достық, өзара түсіністік рухында дамытып жатырмыз. Дипломатиямызда Түркияның орны өте маңызды, ерекше деп айтуға болады. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалауды қолдаймыз, осы мәселе бойынша Түркиямен мақсат-мүдделеріміз ортақ деп санаймыз. Осы тұста мен Түркияның Ресей мен Украина арасындағы жанжалды реттеу ісіндегі дәнекерлік рөлін ерекше атап өткім келеді. Біз, құрметті Президент мырза, Сіздің арқаңызда болып жатқан үрдісті жоғары бағалаймыз және игі қадамдарыңызды қолдаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Режеп Тайип Ердоған екі ел арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруге Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өлшеусіз үлес қосқанын атап өтті.

– Қымбатты бауырым Қасым-Жомарт Тоқаевтың сындарлы басшылығымен Қазақстан өз аймағындағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың мекеніне айналды. Қазақстанның жетістіктерін біз әрқашан мақтан тұтамыз. Сондай-ақ Қазақстанның Түркі мемлекеттері ұйымын институттандыруға қосқан үлесін жоғары бағалаймын. Түркия мен түрік халқының досы екеніңізді бірнеше мәрте көрсеттіңіз. Осы орайда мен Сізге Түркия Республикасының ең жоғары марапатын табыстауды үлкен мәртебе деп санаймын. Біздің мемлекеттік орденімізді елдеріміз арасындағы мызғымас достықтың символы ретінде қабылдайсыз деп сенемін, – деді Түркия Президенті. Салтанатты жиынға 80-ге жуық дипломатиялық корпус өкілдері, Түркияның қоғам қайраткерлері, танымал тұлғалары мен бизнес қоғамдастық өкілдері қатысты.

<https://akorda.kz/>

Төле би ауданының тарихы


Түркістан облысының Қазығұрт тауы мен Ақсу-Жабағылы қорығының аралығында тарихы терең Төлеби ауданы орналасқан. Жұрт бұл өлкені «адамзаттың топан судан кейін өсіп-өнген бесігі» ретінде киелі жер санайды. Табиғатының сұлулығы, өсімдігі мен жан-жануарлар дүниесінің әр алуандығы баршаға мәлім.

Төлеби ауданына қарасты тау бөктеріндегі Сайрамсу, Мыңшейіт, Қарасора (қазіргі аты Кеңесарық), Қасқасу, Керегетас, Диханкөл, Нысанбек, Біркөлік, Төңкеріс, Қаратөбе, Майбұлақ елді мекендерінің маңайында көне қалашық, қорған, тарихи-ескерткіш, қарауылтөбе орындары аз емес. Ал Сілбілі өзенінің бойындағы жартастардан ежелгі суреттер мен сына жазулар табылды.

Бұл туралы белгілі өлкетанушы Өмірбек Шыныбекұлының 2017 жылы шыққан «Қара шаңырақ – Қарасора, құтты мекен – Сайрамсу» атты кітабынан оқуға болады. Онда Есім ханның ордасы мен осы аймақтағы тарихи оқиғаларға қатысты құнды деректер кездеседі.

Жалайыр Ақтан сопының 1730 жылғы «Біздің тарихымыз» атты еңбегінде Түркті жеке тұлға ретінде атап, денесі Сайрамға қойылған делінеді. Сайрам деген атау «тақ мұрагері» дегенді білдіреді. Ескі еңбектерде «Сайрам – Түрктің Тұр деген ең кенже ұлының лақап аты. Ол ат оған Түрк қайтыс болған соң, оның тағына отырғаннан соң берілген...». Қазіргі Төлеби ауданындағы тауда Сайрам атты ең биік шың бар. Сайрамсу сол шыңнан бастау алады. Осы өзен қиып өтетін қазіргі Төлеби ауданы мен байырғы Сайрам қаласы іргелес.

Рашид ад-диннің 1316 жылғы «Жамиғ ат-Тауарих» атты парсы тіліндегі еңбегінің 47-бетінде көне Сайрам туралы мынандай дерек келтірілген: «...Кәрі Сайрам – өте көне әрі аса кең де үлкен қала. Қаланы көргендер оның басынан аяғына дейін бір күндік жол және онда қырық қақпаның бар екенін жеткізеді. Қазіргі кезде онда мұсылман түркілері



өмір сүреді. Сондай-ақ ол Қайдуга (Шыңғыз ханның шөбересі, Үгетайдың немересі – Е.И.) тиесілі және Қунчи ұлысына жатады. Қайдудың ұрпақтары мекендейтін жерлер сол араға жақын орналасқан».

«Есім ханның ескі жолы» деген заңдар жиынтығы елдің әлеуетін арттырып, ұлысты ұйыстырып, өрісін кеңітіп, шекара-шебін шегендеп, ұрпақ жадында мәңгі сақталып қалған.


Ержан Исақұлов,
саяси ғылымдар докторы,
Түркістан облысының құрметті азаматы
<https://egemen.kz/>

«Есім хан ордасы және көне жәдігерліктер: Төлеби ауданының туристік әлеуетін арттырар мүмкіндік» атты мақала қысқартылып берілді.

Төле би ауданы – Түркістан облысының оңтүстік-шығысындағы әкімшілік бөлік. Жерінің аумағы 3,1 мың км² (облыстың 2,6%-ын қамтиды). 1932 жылы құрылған (1991 жылға дейін Ленгер ауданы). Аудан орталығы – Леңгір қаласы. Аудан халқы ауыл шаруашылығы және бау-бақша өнімдерін өсірумен айналысады. Аудан жерімен Ленгер-Шымкент темір жолы өтеді.

Сурет: <https://bainews.kz/>





ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУДАН ЖАЛЫҚПАЙЫҚ

Толқын Жексембиева

Душар болып жалғанның сынағына,
Жандар бар ғой зар болған бір адымға.
Үлдеменен бүлдеге орамай- ақ,
Сен солардың хал- жағдайын сұрадың ба?

Қу тірлікпен қиқулап барамыз да,
Тек пайданы жапсырдық санамызға,
Сен жақсылап көз салшы айналаңа,
Жомарт жандар бар екен арамызда.

Бермесе Алла байлықты күремек кім?
Тағдыр жазса әркімге түнемек мұң,
Кейбір сәтте өзіңді қойып көрші,
Орнына осы бір мүгедектің.

Жан мен тәні жаралы адамдарға,
Көмек бергің бойыңда шамаң барда,
Жақсылыққа жақсылық қайтады әркез,
Тілегіңді береді сағанда Алла.

Жаны жайсаң жандардың жолы даңғыл,
Олар әркез пейіштің жолында тұр,
Қамқор адам Алланың сүйкімдісі,
Ол алдында арманы орындалсын.

"АҚЖАЙЫҚТЫҢ АҚҚУЫ"

Ақерке Жақсыбергенова

Ақжайықтың аққуы жырда жүзген,
Өлең шіркін досы да, сырласы екен.
Дара кітап әдебиетте Фариза ақын,
Өнердің дариясын жүзіп өткен.

Қазағымды сусындатып жырыменен,
Самғап ұшқан көгімдегі құсым ба ең?!
Ақын апа жырлары бізге нәр беріп,
Бұл өмірді басқа қырдан түсіндірген.

Ақындардың бірі өзің, жарық берген,
Төбедегі жарқыраған жұлдыз- сен ең.
Жырларыңыз тым ерекше, баурап алар,
Жүректерге жылу сыйлар дәру екен.

Жырды сүйген халықтың ұрпағы - сен.
Кей жандарға өлеңіңіз қуат берген.
Поэмалар, поэзиялар, өлең-жырлар,
"Ақын" атты қауымға өзге әлем.

Ардақты ана, аяулы жар бола білген,
Тіл дегенде, сен нағыз майталман ең!
Қалап кеткен ескерткіш өлеңдерді,
Мен барынша сыйлаумен жаттап өтем!

РУХАНИ ДОС

Айнұр Міркемел

Таба алмадым рухани дос жаныма,
Сыр шертетін, жарылатын ағыла.
Бөлісетін ішімдегі мұңымды,
Түсірмейтін рухани шын құнымды.

Дәл өзімдей әсем әуен тыңдайтын,
Жел тұрғанда, бұтағы да сынбайтын.
Айтшы кімдер шын достықтан ұта алды?
Рухани шын қасиеттер жұталды.

Мұңаймаймын, өкінбеймін алайда,
Өмір алда, күлімдейік жарай ма?
Сабыр сақтап, адал болған пендені,
Алла өзі бөлейді екен арайға.

ДОСҚА ТІЛЕК

Айдана Тасбекова

Зор махаббат тілейінші мен саған,
Қазір бәрі жалғыздықтан шаршаған.
Көңіл көктем достық суың іздеген,
Ал адамдар, шын достықты аңсаған.

Достым, саған бақ тілеуден шаршаман,
Сенің іңкәр тілегіңе тамсанам,
Өмір - қысқа, сол қысқаны көркейтер
Сенсің - достым, сенсің - құрбым, барша адам!

ДОС

Тұрғанбекқызы Әсел

Өмірдің ащысы мен тұшысында,
Мәңгілік бола тұғын ол қасыңда
Дос деген жаратқанның асыл сыйы,
Көтеріп, көмек берер құлағанда.

Орыны әрқашанда биік тұрар,
Биіктік ол дегенің үлкен мұнар,
Бірі у, бірі қу болсадағы,
Жолдассыз күнің сенің қараң болар.

Мейірім, шуақ төккен нұрын,
Шүйірсенде сен оған қанша мұрын,
Достан артық ешкімді таба алмассың,
Көрсеткен шын достықтың қыр мен сырын.

Сырласып, ақыл айтар жүдегенде,
Көзіңнен ащы-ыстық жас шығатын,
Басыңа қиындық пен күн түскенде,
Бөліп берер ақырғы үзім нанын.

Достарым, бар байлығым өмірдегі,
Бөлшегі болып кеткен жүрегімнің,
Ұдайы бақытты өмір сүріңдерші,
Басы болсын сол менің тілегімнің!

<https://bilim-all.kz/>



ДӘРІ-ДӘРМЕК ПЕН ТАБИҒАТ: ЭКОЛОГИЯНЫ САҚТАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ТАБИҒАТ – БІР-БІРІМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ

Қазіргі қоғамда дәрі-дәрмексіз өмірді елестету қиын. Ауырсақ – дәрі ішеміз, алдын алу үшін де түрлі препараттарды қолданамыз. Фармацевтика – адамзаттың ең маңызды жетістіктерінің бірі, денсаулықты сақтаудағы басты құрал. Алайда, біз дәрілердің тек пайдалы жағын ғана емес, олардың қоршаған ортаға әсерін де ескеруіміз керек.

Бүгінгі таңда қолданылған немесе мерзімі өткен дәрілердің көп бөлігі дұрыс жойылмайды. Көптеген адамдар оларды қоқысқа тастайды немесе дәретханаға шайып жібереді. Бұл әрекеттердің соңы неге апаратынын көбіміз түсіне бермейміз. Шын мәнінде, бұл дәрілердің құрамындағы химиялық заттар топыраққа, жер асты суларына, өзен-көлдерге өтіп, табиғи экожүйелерге зиянын тигізеді.

Басқаша айтқанда, біз өз денсаулығымыз үшін жасап отырған әрекеттер табиғатқа кері әсерін тигізіп жатыр. Ал табиғаттың өзі – біздің денсаулығымыздың басты тірегі. Ауаның тазалығы, судың сапасы, топырақтың құнарлылығы – бәрі де адамның амандығына тікелей әсер етеді.

Бұл мақаланы жазудағы біздің мақсатымыз – дәрі-дәрмектің қоршаған ортаға қалай әсер ететінін және бұл мәселенің шешімдерімен оқырманды ақпараттандыру, ойландыру және әр адамның экологиялық жауапкершілігін арттыру.

ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ЛАСТАНУ ДЕГЕН НЕ?

Фармацевтикалық ластану – бұл қоршаған ортаға дәрі-дәрмек қалдықтарының, сондай-ақ олардың қаптамалары мен өндірістік қалдықтарының түсуінен туындайтын, көзге көрінбейтін, бірақ өте қауіпті, ерекше экологиялық ластану түрі.

Фармацевтикалық ластану бірнеше жолмен жүреді:

- Адамдар жарамдылық мерзімі өткен немесе қолданбай қалған дәрілерді қоқыс жәшігіне

тастайды. Бұл дәрілер жаңбыр суымен бірге топыраққа, арықтар мен өзендерге өтіп кетеді.

- Кейбір дәрілік заттар адамның ағзасынан өзгермеген күйде шығарылады. Олар дәретхана немесе канализация арқылы ағынды суларға түсіп, тазартылмаған күйде табиғи су көздеріне араласады.

- Фармацевтикалық зауыттардан шыққан өндірістік қалдықтар арнайы сүзгілерден өтпей, бірден суға немесе ауаға таралуы мүмкін.

- Пластик бөтелкелер, блистерлер (пластик пен алюминий аралас қаптама), қағаз қораптар – осының бәрі сұрыпталмай, полигондарға тасталады. Бұл қалдықтар ондаған жылдар бойы ыдырамай, табиғатта жиналып қалады.

Мысалы, зерттеулер көрсеткендей, кейбір елдердегі өзен-көлдерде анальгетиктер, гормондар және антидепрессанттар сияқты заттардың іздері табылған. Олар тірі ағзалардың мінез-құлқына, көбею қабілетіне, тіпті жыныстық дамуына әсер етуі мүмкін.

БАКТЕРИЯЛАР ҚАЛАЙ «ҮЙРЕНІП АЛАДЫ»?

Ең қауіпті жағдай – антибиотик қалдықтарының су мен топыраққа түсуі. Бұл кезде микроорганизмдер сол антибиотиктерге «үйре-



ніп», олардан қорғану жолын табады. Нәтижесінде, бұрын оңай емделетін аурулар енді емге көнбей қалады. Бұл жағдай медицинада антибиотикке төзімділік деп аталады және ол бүкіл әлем бойынша алаңдаушылық туғызып отыр.

ТАБИҒАТҚА ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Фармацевтикалық ластану тек адам денсаулығына ғана емес, бүкіл экожүйеге әсер етеді. Әсіресе су экожүйелері бұған өте сезімтал. Бұған бірнеше мысал келтіре кетсек:

- Судағы тіршілік иелері зардап шегеді. Дәрілік заттар балықтардың өсуіне, көбеюіне, тіршілік циклдеріне әсер етеді. Ғалымдар кейбір балықтардың бойында гормоналды бұзылыстар мен генетикалық өзгерістер байқалғанын анықтаған.

- Амфибиялар мен ұсақ шаянтәрізділердің санын азайтады. Бұл түрлердің азыауы азықтық тізбектің бұзылуына әкеледі.

- Микроорганизмдер мен бактериялар арасында дәріге төзімділік дамиды. Бұл кейін адам организміне зиян келтіретін «супербактериялар» пайда болуына себеп болады.

- Ауыл шаруашылығына жанама әсер етеді. Егер дәрі қалдықтары малға берілетін жем-шөпке немесе тыңайтқышқа түссе, олар адам ағзасына тағам арқылы қайтып келуі мүмкін. Бұл да денсаулыққа ұзақмерзімді қауіп төндіреді.

Сонымен қатар, өсімдіктерге де зиян келуі

мүмкін. Топырақта жинақталған кейбір химиялық заттар өсімдіктердің өсуін баяулатады, тіпті кейде өнімсіздікке алып келеді.

НЕ ІСТЕУ КЕРЕК? ЖАУАПКЕРШІЛІК ӘР АДАМНАН БАСТАЛАДЫ

Фармацевтикалық ластанудың алдын алу – баршаға ортақ міндет. Бұл тек экологтар немесе медицина мамандарының ғана емес, әр адамның саналы әрекетіне тікелей байланысты. Себебі ластану – адам қолымен жасалса, оны шешу де адамның қолында.

Төменде экологияны қорғауға көмектесетін нақты әрі қарапайым қадамдар берілген:

1. Дәрілерді тек қажет кезінде және дұрыс пайдалану

2. Артық немесе жарамсыз дәріні дұрыс жою

3. Қаптамаларды сұрыптап тастау

4. Экологиялық білім беру мен насихат

Фармацевтикалық ластану – жаһандық проблема, сондықтан ол БҰҰ-ның Тұрақты дамудың №3 – Жақсы денсаулық және әл-ауқат, №6 – Таза су және санитария, №12 – Жауапты тұтыну мен өндіріс, №13 – Климаттың өзгеруімен күрес, №14 – Теңіз экожүйелерін сақтау мақсаттарымен тығыз байланысты.

Фармацевтикалық экология мәселесі – болашақтың мәселесі емес, бүгінгі күннің нақты шындығы.

Бүгін жасаған ісіміз – ертеңгі ұрпақтың өмір сапасын анықтайды.

Ендеше, денсаулығымызды ойлап дәрі қолданғанда, табиғатымызды да ойлауды ұмытпайық!

Авторлары:

Шакирова Айжан Жанғалиқызы – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті

Жакипбеков Кайрат Сапарханович – PhD, қауымдастырылған профессор

Рахымбаев Нұрғали Аманбайұлы – PhD, кафедра доценті

Аширов Мурат Зулпидинович – PhD, профессор ассистенті

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті

Сурет: <https://margretheskar.no/wp-content/uploads/2021/01/ja-takk-begge-deler.jpg> сайтынан алынды.



ШӘКІРТІН БІЛІМ МЕН ӨНЕГЕГЕ БАУЛЫҒАН ҰСТАЗ

– Сізді ұстаз Тұрған ағайды еске алуға арналған Хатым Құранға шақырып жатыр, ватсапқа жібердім, - деді менің телефон нөмірімді тауып, хабарласқан бала. Ашып оқып шықтым. Осыдан осыдан елу жыл бұрын мектепте сабақ берген ұлағатты ұстаздарымыздың бірі, кәсіби біліктілігі жоғары Рахматуллаев Тұрған Сауытұлының мына фәни дүниеден озғанына 15 жыл толғанына орай ас беру дастарханына шақырыпты. Тұрған Сауытұлын мен төртінші сыныптан бастап таныдым. Біздің оқушы кезімізде бастауыш сыныпты үш жыл оқитынбыз, төртіншіден бастап әр сынып отряд атанып, отряд басшысы болып бекітілдім. Сынып жетекшіміз Сатова Тілеулес Асырқызы апта сайын бас қосуға барып, сыныпта атқарған іс-шарамыз туралы есеп беретінімді түсіндірді. Пионерлер бөлмесіне кіргенде төрде отырған ағай сөз бастады. Өзін пионер вожатый Тұрған ағайларың боламын деп таныстырды.

Кейіннен алты-жетінші сыныпта ағай математика пәнінен сабақ берді. Ағай сабақ өткізгенде сынып құлаққа ұрған танадай тып-тыныш тыңдайтын. Біздің шәкірт кезімізде ұстаздар есікті ашып қоятын да сабақ түсіндіретін.

Ұстазымыздың дауысы радионың дикторындай болып естілетін, соның бірі - Тұрған ағай еді. Радио деп білгеніміз қабырғаға қағылған кітаптың көлеміндей ғана радио таңертеңнен кешке дейін хабар беріп, музыкалық сәлем жолдап тұратын. Кейде мектеп бойынша кезекшілікке қоятын, сонда мектептің екі қабатын аралап, тыныштықты тексеретінбіз. Есімде бір сәт қалыпты. Ағай сабақ өткізіп, математикадан есепті бар ықыласымен түсіндіріп жатыр. Ағайдың сабағы өтіп жатқаны сондай жігерлі болатын. Тақтадағы тапсырманы дәптерге көшіргенде, парақтың сылдыры білінбейтін, яғни әр шәкірт пәнге деген ынтасын сол сәттен байқауға болатын еді. Әрине, бұл сәтті кезінде түсінбедік.

Кейіннен журналист ретінде ағайдан сұхбат алғаным бар. Сұрақтарыма жауап ала отырып, ұстаз мамандығын таңдауға керемет әсер қалдырып, жүрегіне ұстаздық сәуле шашқан кім екенін сұрадым.

– Менің ұстаздық жолымды ашқан, өзіне



ұқсатқызуға леп берген Рахым Дәуітұлы, - деп ұстаздық жолы туралы әңгімелеген.

Бүгінгі Т.Рысқұлов атындағы, өткен ғасырда Н.Крупская атындағы мектепті біз оқушы кезден мектеп бітіргенше басқарып, математиканы үйреткен Рахым Дәуітұлы туралы бізге дейінгі түлектер сол кезде де, қазір арамызда жүрген біздің ұстаздарымыз - Рахым ағайдың шәкірттері ерекше ілтипатпен еске алады. Оқушы кезімізде әр аптаның бір күні мектепшілік саптағы жиналыс өтетін. Бастауыш – сөз сөйлейтін директор. Ұзын дәлізде екі қатар тұрған мыңнан аса оқушыға айтқанын анық еститінбіз және Рахым Дәуітұлы бір орында тұрмай, оқушылардың алдында жүріп барлық айтатын әңгімесін айтып өтетін. Үлкен жиынды қолына микрофон ұстап, өткізгенін мектеп бітіріп кеткенше көрмеспін.

Тұрған Сауытұлы 1971 жылы мектеп бітіргенде, мектеп директоры Рахым Дәуітұлының ұсынысымен мектепте қалады. Әуелгі жұмысы пионер вожатый бола жүріп, арасында математика пәнінен сабақ бере бастайды. Сабақты жақсы оқыған оның математикаға қабілеті оқушы кезінде байқалып, өткен пәндік олимпиадаларда, мектепшілік бақылау жұмыстарын шығаруда ерекшеленген. Сондай-ақ, ұйымдастырушылық қабілеті мен өзін тыңдата білетін шеберлігі ұстазы Рахым ағаны бей-жай қалдырмай, бір сапта еңбек етуге баулыған. Тұрған ағай да, мүмкіндікке қолды бір-ақ сілтемей, келісіп, балаға білім беруден жалықпаған ұстаз болуға белді бекем буған. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің математика факультетін бітіріп,

ғұмырының 40 жылға жуық уақытын мектепте бала оқытуға арнады.

Аталған жылдар ішінде жауапты қызметтер атқарса да мектептен алыстамады, өзінің білгенін шәкіртке үйретуден бір сәтке жалыққан емес. Т.Рахматуллаевтың іскерлігін бағалаған Рахым Дәуітұлы мектеп жанынан шопандардың, орта мектебі жоқ алыс ауылдардан келген және әлеуметтік тұрмысы төмен отбасы балаларына арнап 1977 жылы ашылған мектеп – интернаттың меңгерушілігіне тағайындады. Бұл жауапкершілігі мектепте сабақ бергеннен де жоғары қызмет. Күні-түні 200-ге жуық баланың әкесі де, анасы да тәрбиешілермен бірге өздері. Сұхбат барысында:

– Жастық шақ адам баласын көкке самғатады деген рас екен-ау! Интернатқа меңгеруші болу туралы міндет жүктелгенде, ойланбастан келістім. Өйткені, маған сеніп тапсырылған міндетке адал болуым қажет. Ұстазым – Рахым Дәуітұлының аманат етіп тапсырған қызметін ойдағыдай атқардым деп ойлаймын. Қызметтің ауысуы – заңдылық. Интернат меңгерушілігінен ауысып, ауданымыздағы Қарғалы №1 орта мектебі директорының орынбасары қызметін атқардым. Өзің білесің 1984 жылдан Жамбыл аудандық білім бөлімінде инспектор қызметін атқардым, – деп қысқа қайырған.

Ағай 1986 – 1996 жылдар аралығында аудандық білім бөлімінде «Физика - математика» пәні бойынша әдіскер қызметінде де кәсіби біліктілігі жоғары ұстаз, маман екенін дәлелдей білді.

– Бізге мектепте сабақ берген ағайымыз ғой, – деппін оқушы сәтімдегідей. Өмірбаян беттеріне үңілсек, ағай бұл қызметті де абыроймен он жылға жуық басқарыпты. Ағай 2002 жылы ердің жасы 50 - ге толғанда «Шәкіртім» - деп арнайы мерейтойға шақырғаны да мендей ондаған шәкіртіне деген ұстаздық құрметі, ағалық өнегесі еді. Тойда мектеп бітіргелі көрмеген түлектер, ұстаздармен қауышып, бір мәре-сәре болып едік. Ағай 2005 жылы қызметтен бір жола аудан орталығы Ұзынғаштағы Абай атындағы алдыңғы қатарлы мектепке ауысқан. Ағайдан тәлім алып, математика пәні мұғалімі мамандығын таңдаған, экономика саласында еңбек етіп келе жатқан шәкірттері Т.Рысқұлов, Қарғалы №1 және Абай мектептерінде көптеп саналады десек, артық айтқандық емес.

Ауданда өткен жиынға қатысып, сыртқа беттеген көпшіліктің арасында ұстазды көріп,

амандасып, қал-жағдай сұрасқан едік. Өмірдегі келеңсіз сәттер ме, әлде денсаулығы ма, әйтеуір бұрынғыдай жалындап сөйлейтін ағайды таба алмадым. Содан сөйлесіп, келе жатыр едік көпшіліктен суырылып шетке шығып бара жатқан айтыскер ақын Есенқұл Жақыпбек аға да бізді көріп бұрылды.

– Ассалаумағалайкум, құрдас! – деп сәлемдесті ақын аға.

– Қайдағы құрдас? Сен әлі баласың ғой, - ұстаз да қалжыңға қалжыңмен жауап берді. Екеуі де өз саласының шеберлері, өзінен кейін шәкірт тәрбиеледі. Содан біз аман-есен кездесу нәсіп болсын деп алға қарай жылжып кеттік.

Бар ғұмырын бала оқытуға арнап, қаншама математика пәнін жандүниесімен сүйетін шәкірт тәрбиелеп, пән олимпиадаларына қосқан ұстаз білгенін тек мектеппен ғана шектемей, оқушыларды емтиханға дайындаған репетитор болған екен. Һуриятбүби Ахметқызымен ағайды еске алған әңгіме барысында, ағай тек соңғы жылдары ғана мектепте сабақ бере бастағанда балаларына көп көңіл бөлген, той-томалақтан қалмаған. Сөйтіп, жүргенде 2010 жылы қан қысымы күрт көтеріліп кетіп, жедел жәрдем жеткенше жүрегі дес бермей мәңгі мекеніне аттанып кете барған.

Тұрған Сауытұлы мен зайыбы, жоғары білімді ұстаз Һуриятбүби Ахметқызының отабасында 8 ұл-қыз тәрбиелеп, қатарға қосты. Балаларының барлығы жоғары білім алған өз ісінің білікті маманы. Шаңырақ көтеріп, ұл-қыз тәрбиелеп келе жатқан ата-ана. Апай бүгін, ұл-қызы, келіндері мен күйеубаларынан тараған ұрпағын әлдилеген ақ әже. Әр адам да бір арман болады. – Дұрыс айтасыз, адам да арман таусылмайды, жасым келгенімен осы бала-шағаның тілеуін тілейміз. Әттең, ағайларың балалардың бүгінгі аяқалысын, жеткен жетістігін көрмегені өкінішті, жылдар зымырап өтіп жатыр, Тұрған Сауытұлы арамызда болса ғой деймін..., – деген өкінішін жасырмады.

– Ағайымыздың рухына бағыштаған дұға қабыл болсын, – деп әңгімемізді тәмамдадық.

**Ж.КУЧУКОВА, Республикалық
«Farabi shakirti» журналы мен
www.farabishakirti.kz сайтының
бас редакторы.**

Табиғаттың суреті: <https://ortalyq.kz/>

Сәуле шашқан іздер...

Алматы -Ташкент - Париж сапары



Ай нұрымен тәтті ұйықтап, таң нұрымен сергек оянып, Алматыдан Ташкентке қарай жолға шықтық.

Шеризат пен қызымыз Бибігүл жол азығын мол дайындапты. Қасымтай мен Айғаным да ата мен апаны алыс жолға шығарып саламыз деп бірге шықты, балақандар да көңілді.

Ташкентке түс ауа жеттік. Қонақ үйден орын алып, жақсы дем алдырып, ертеңінде балалар Парижге шығарып салды.

Шеризат пен Бибігүлге көп рақмет!

«Адам өз өмірінің суретшісі», - деген еді Баубек Бұлқышев. Шынында, әр адамның өмірді бағалауы, оның қыры мен сырына, қиындығы мен қуанышына көндіге білуі өз қолында ғой.

Баламыз Шыңғыс Парижде метрология саласында Халықаралық келісім шарттың орындалуын қадағалайтын бөлімнің басшысы, бірнеше жылдан бері қызмет атқарып келеді.

«Мүмкіндігіңнен мақсатың жоғары болсын», - демекші алдына ата-анама жаңадан алған үйімді,

қонысымды көрсетіп, қыдыртып, ел аралатсам, -деп мақсат қойған екен. Баламыздың үйін көріп, Әсел екеуіне, немерелерімізге қуанып, құтты болсын айттық.

Ұлымыз әкесі екеуімізді ел көрсетіп, жер көрсетіп, жаздың жайдары жарқын күнінде еуропаның бірнеше елдеріне апарды

Біз көптеген ірі қалаларда болдық.

